



БҰЙРЫҚ

2025 жылғы 22 шілде
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 370
город Астана

**«Қазақстан Республикасы Әділет
министрлігінің Сот сараптамалары
орталығы» РМҚК Ғылыми кеңесінің
ережесі мен құрамын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының «Сот-сараптамалық қызмет туралы» Заңына және кадрлық өзгерістерге сәйкес, сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» РМҚК Жарғысы 26-тармағының б) тармақшасын басшылыққа алып отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» РМҚК (бұдан әрі – Орталық) Ғылыми кеңесінің ережесі мен құрамы осы бұйрыққа қоса берілген қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Орталық директорының м.а. 2024 жылғы 17 сәуірдегі №153 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау Орталықтың ғылыми хатшысы Г. Тулешоваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: Орталықтың ғылыми хатшысы Г. Тулешованың қызметтік жазбасы.

Директор

 **Б. Байтилесов**